099-0100	Машинистердің еңбек шығындары	адам-сағ	0,074	1147-0301-01 (01)
314-503-0102	Бір шөмішті пневмодөңгелекті әмбебап қасбет тиегіштер жүк көтергіштігі 3 т	маш.-с	0,0192	1147-0301-01 (01)
314-503-0401	Негізгі тиеу шөміші бар жиынтықтағы доңғалақ жүрістегі шағын тиегіш, жүк көтергіштігі 1 т дейін	маш.-с	0,0018	1147-0301-01 (01)
321-212-0401	Іштен жану қозғалтқышы бар дірілтақта	маш.-с	0,014	1147-0301-01 (01)

Ресурсқа (тарға) толықтырылсын:

Код	Жұмыс және еңбек шығындарының атауы	Өлшем бірлігі	Шығындар нормасы	Кестелер коды
1	2	3	4	5
321-212-1301	Тротуар плиталарын төсеуге арналған гидравликалық ұстағышы бар өздігінен жүретін машина	маш.-с	0,053	1147-0301-01 (01)
321-212-1303	Гидравликалық топсалы щетка су ыдысымен жиынтықта, көлемі 1000 л, тротуар плиталарының тігістерін толтыруға арналған	маш.-с	0,005	1147-0301-01 (01)

1147-0301-04 -топ. Тротуар плиткасынан жасалған жолға немесе алаңға арналған негіз құрылғысы

1147-0301-04-топтың атауы жаңа редакцияда жазылсын: «Тротуар плиткасынан жасалған жолға немесе алаңға арналған негіз құрылғысы»

1147-0301-0401 -кесте . Өзгерту енгізілсін:

-норма аталуы өзгертілсін: «Құм төселген тротуар плиткасынан жасалған жолдың немесе платформаның негізін салу»

1147-0301-0402 -кесте . Өзгерту енгізілсін:

-норма аталуы өзгертілсін: «Қиыршық тас төселген тротуар плиткасынан жасалған жолдың немесе платформаның негізін салу»

ЭСН РК 8.04-02-2024

ЖАБДЫҚТАРДЫ МОНТАЖДАУҒА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАР**7 -жинақ. Компрессорлық машиналар, сораптар және вентиляторлар****1307-0201-02 -топ. Осытік желдеткішті монтаждау***1307-0201-02 (05) -кестелер. Ресурс (тар) алып тасталсын: 217-103-0601**Ресурсқа (тарға) толықтырылсын:*

Код	Жұмыс және еңбек шығындарының атауы	Өлшем бірлігі	Шығындар нормасы	Кестелер коды
1	2	3	4	5
217-104-0102	Шпилька MEMCT ISO 8992-2015 бұрандалы	кг	0,686	1307-0201-02 (05)

8 -жинақ. Электртехникалық қондырғылар**1308-0503-19 -топ. Винипласт құбырларын орнатылған конструкциялар бойымен төсеу***1308-0503-1901 -кесте . Өзгерту енгізілсін:**Жұмыс құрамы өзгертілсін: 1. Құбырлар дайындау. 2. Төсеу. 3. Қораптар орнату.**1308-0503-1902 -кесте . Өзгерту енгізілсін:**Жұмыс құрамы өзгертілсін: 1. Құбырлар дайындау. 2. Төсеу. 3. Қораптар орнату.**1308-0503-1903 -кесте . Өзгерту енгізілсін:**Жұмыс құрамы өзгертілсін: 1. Құбырлар дайындау. 2. Төсеу. 3. Қораптар орнату.**1308-0503-1904 -кесте . Өзгерту енгізілсін:**Жұмыс құрамы өзгертілсін: 1. Құбырлар дайындау. 2. Төсеу. 3. Қораптар орнату.**1308-0503-1905 -кесте . Өзгерту енгізілсін:**Жұмыс құрамы өзгертілсін: 1. Құбырлар дайындау. 2. Төсеу. 3. Қораптар орнату.*

1308-0503-1906 -кесте . Өзгерту енгізілсін:

Жұмыс құрамы өзгертілсін: 1. Құбырлар дайындау. 2. Төсеу. 3. Қораптар орнату.

1308-0503-1907 -кесте . Өзгерту енгізілсін:

Жұмыс құрамы өзгертілсін: 1. Құбырлар дайындау. 2. Төсеу. 3. Қораптар орнату.

1308-0503-1908 -кесте . Өзгерту енгізілсін:

Жұмыс құрамы өзгертілсін: 1. Құбырлар дайындау. 2. Төсеу. 3. Қораптар орнату.

1308-0503-19 (01, 02, 03, 04, 05, 06, 07, 08) -кестелер. Ресурс (тар) алып тасталсын: 261-301-0227

Ресурс (тар) өзгертілсін:

Код	Жұмыс және еңбек шығындарының атауы	Өлшем бірлігі	Шығындар нормасы	Кестелер коды
1	2	3	4	5
315-103-0501	Қолмен доғалық дәнекерлеуге арналған тұрақты ток қондырғылары	маш.-с	0,022	1308-0503-19 (01, 02, 03, 04)
099-0100	Машинистердің еңбек шығындары	адам-сағ	0,0018	1308-0503-19 (01, 06)
314-102-0101	Автомобиль жүрісті крандар ең жоғары жүк көтергіштігі 10 т	маш.-с	0,0009	1308-0503-19 (01, 06)
331-101-0101	Борттық автомобильдер жүк көтерімділігі 5 т дейін	маш.-с	0,0009	1308-0503-19 (01, 06)
004-0138	Жұмысшылардың еңбек шығындары (жұмыстың орташа разряды 3,8)	адам-сағ	0,19	1308-0503-19 (01, 08)
004-0138	Жұмысшылардың еңбек шығындары (жұмыстың орташа разряды 3,8)	адам-сағ	0,27	1308-0503-19 (02)
099-0100	Машинистердің еңбек шығындары	адам-сағ	0,0052	1308-0503-19 (02, 04, 07)
314-102-0101	Автомобиль жүрісті крандар ең жоғары жүк көтергіштігі 10 т	маш.-с	0,0026	1308-0503-19 (02, 04, 07)
331-101-0101	Борттық автомобильдер жүк көтерімділігі 5 т дейін	маш.-с	0,0026	1308-0503-19 (02, 04, 07)
004-0138	Жұмысшылардың еңбек шығындары (жұмыстың орташа разряды 3,8)	адам-сағ	0,31	1308-0503-19 (03)
099-0100	Машинистердің еңбек шығындары	адам-сағ	0,007	1308-0503-19 (03, 05, 08)
314-102-0101	Автомобиль жүрісті крандар ең жоғары жүк көтергіштігі 10 т	маш.-с	0,0035	1308-0503-19 (03, 05, 08)
331-101-0101	Борттық автомобильдер жүк көтерімділігі 5 т дейін	маш.-с	0,0035	1308-0503-19 (03, 05, 08)
004-0138	Жұмысшылардың еңбек шығындары (жұмыстың орташа разряды 3,8)	адам-сағ	0,24	1308-0503-19 (05)
315-103-0501	Қолмен доғалық дәнекерлеуге арналған тұрақты ток қондырғылары	маш.-с	0,021	1308-0503-19 (05)
004-0138	Жұмысшылардың еңбек шығындары (жұмыстың орташа разряды 3,8)	адам-сағ	0,15	1308-0503-19 (06)
004-0138	Жұмысшылардың еңбек шығындары (жұмыстың орташа разряды 3,8)	адам-сағ	0,17	1308-0503-19 (07)

18 -жинақ. Химия және мұнай өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары жабдығы

1318-0102-04 -топ. Барабанды кептіргіштерді монтаждау

1318-0102-04 (07, 08, 09, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18) -кестелер. Ресурс (тар) алып тасталсын: 261-404-0556

Ресурсқа (тарға) толықтырылсын:

Код	Жұмыс және еңбек шығындарының атауы	Өлшем бірлігі	Шығындар нормасы	Кестелер коды
1	2	3	4	5
252-204-0800	Плашкалы жалғастырғыш қысқыш	дана	0,0002	1318-0102-04 (07, 08, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17)
252-204-0800	Плашкалы жалғастырғыш қысқыш	дана	0,0003	1318-0102-04 (09, 18)

1318-0102-05 -топ. Әр түрлі кептіргіштерді монтаждау

1318-0102-05 (01, 02, 03, 04, 05) -кестелер. Ресурс (тар) алып тасталсын: 261-404-0556

Ресурсқа (тарға) толықтырылсын:

Код	Жұмыс және еңбек шығындарының атауы	Өлшем бірлігі	Шығындар нормасы	Кестелер коды
1	2	3	4	5
252-204-0800	Плашкалы жалғастырғыш қысқыш	дана	0,0002	1318-0102-05 (01, 02, 03, 04, 05)

1318-0102-07 -топ. Барабанды тоңазытқыштарды монтаждау

1318-0102-07 (07, 08, 15, 16) -кестелер. Ресурс (тар) алып тасталсын: 261-404-0556

Ресурсқа (тарға) толықтырылсын:

Код	Жұмыс және еңбек шығындарының атауы	Өлшем бірлігі	Шығындар нормасы	Кестелер коды
1	2	3	4	5
252-204-0800	Плашкалы жалғастырғыш қысқыш	дана	0,0002	1318-0102-07 (07, 08, 15, 16)

1318-0102-11 -топ. Айналмалы барабандары бар пештерді монтаждау

1318-0102-11 (06, 07, 08, 14, 15, 16, 17) -кестелер. Ресурс (тар) алып тасталсын: 261-404-0556

Ресурсқа (тарға) толықтырылсын:

Код	Жұмыс және еңбек шығындарының атауы	Өлшем бірлігі	Шығындар нормасы	Кестелер коды
1	2	3	4	5
252-204-0800	Плашкалы жалғастырғыш қысқыш	дана	0,0002	1318-0102-11 (06, 14, 15)
252-204-0800	Плашкалы жалғастырғыш қысқыш	дана	0,0003	1318-0102-11 (07, 08, 16, 17)

20 -жинақ. Теміржол көлігінде дабыл беру, орталықтандыру, бұғаттау және байланыс желісі жабдығы

1320-0202-03 -топ. Жерге тұйықтау

1320-0202-03 (05, 06, 09) -кестелер. Ресурс (тар) алып тасталсын: 261-404-0623

Ресурсқа (тарға) толықтырылсын:

Код	Жұмыс және еңбек шығындарының атауы	Өлшем бірлігі	Шығындар нормасы	Кестелер коды
1	2	3	4	5
252-204-0813	Плашкалы жалғастырғыш қысқыш типі ПА-2-1	дана	20,6	1320-0202-03 (05, 06)
252-204-0813	Плашкалы жалғастырғыш қысқыш типі ПА-2-1	дана	2,06	1320-0202-03 (09)

1320-0203-01 -топ. Қосымша сымдарды монтаждау

1320-0203-01 (09, 10, 11, 12) -кестелер. Ресурс (тар) алып тасталсын: 261-404-0623

Ресурсқа (тарға) толықтырылсын:

Код	Жұмыс және еңбек шығындарының атауы	Өлшем бірлігі	Шығындар нормасы	Кестелер коды
1	2	3	4	5
252-204-0813	Плашкалы жалғастырғыш қысқыш типі ПА-2-1	дана	3,09	1320-0203-01 (09, 10)
252-204-0813	Плашкалы жалғастырғыш қысқыш типі ПА-2-1	дана	82,4	1320-0203-01 (11, 12)

1320-0204-01 -топ. Түйіспелі желінің аппараттарын монтаждау

1320-0204-01 (04, 07) -кестелер. Ресурс (тар) алып тасталсын: 261-404-0623

Ресурсқа (тарға) толықтырылсын:

Код	Жұмыс және еңбек шығындарының атауы	Өлшем бірлігі	Шығындар нормасы	Кестелер коды
1	2	3	4	5
252-204-0813	Плашкалы жалғастырғыш қысқыш типі ПА-2-1	дана	2,06	1320-0204-01 (04, 07)

35 -жинақ. Ауыл шаруашылығы өндірісі жабдығы

1335-0101-05 -топ. Өртүрлі жабдықтарды монтаждау

1335-0101-0507 -кесте . Өзгерту енгізілсін:

-норма аталуы өзгертілсін: «Ағынды-сорып шығару қондырғысын монтаждау, типі ПВУ-4»

37 -жинақ. Жалпы мақсаттағы жабдық

1337-0203-01 -топ. Болат арқандарды тарқату, орау және жылжыту

1337-0203-01 (03, 04, 05) -кестелер. Ресурс (тар) алып тасталсын: 261-404-0556

Ресурсқа (тарға) толықтырылсын:

Код	Жұмыс және еңбек шығындарының атауы	Өлшем бірлігі	Шығындар нормасы	Кестелер коды
1	2	3	4	5
252-204-0800	Плашкалы жалғастырғыш қысқыш	дана	0,0004	1337-0203-01 (03, 04, 05)

ЭСН РК 8.04-02-2022

ЖАБДЫҚТАРДЫ МОНТАЖДАУҒА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАР

10 -бөлім. Байланыс жабдығын монтаждау бойынша жұмыстар

1310-0101-01 -кесте.

1310-0101-01 (01, 02, 03, 04) -нормалар. Ресурс (тар) алып тасталсын: 261-107-0442

Ресурсқа (тарға) толықтырылсын:

Шығындар коды	Шығындар элементтерінің аталуы	Өлшем бірлігі	Шығындар	Нормалар коды
1	2	3	4	5
218-103-0206	Қап мата МЕМСТ 30090-93	10 м²	0,03	1310-0101-01 (01, 02, 03, 04)

1310-0101-03 -кесте.

1310-0101-03 (02) -нормалар. Ресурс (тар) алып тасталсын: 261-107-0442

Ресурсқа (тарға) толықтырылсын:

Шығындар коды	Шығындар элементтерінің аталуы	Өлшем бірлігі	Шығындар	Нормалар коды
1	2	3	4	5
218-103-0206	Қап мата МЕМСТ 30090-93	10 м²	0,015	1310-0101-03 (02)

1310-0201-01 -кесте.

1310-0201-01 (01, 02) -нормалар. Ресурс (тар) алып тасталсын: 261-107-0442

Ресурсқа (тарға) толықтырылсын:

Шығындар коды	Шығындар элементтерінің аталуы	Өлшем бірлігі	Шығындар	Нормалар коды
1	2	3	4	5
218-103-0206	Қап мата МЕМСТ 30090-93	10 м²	0,037	1310-0201-01 (01)
218-103-0206	Қап мата МЕМСТ 30090-93	10 м²	0,03	1310-0201-01 (02)

1310-0301-01 -кесте.

1310-0301-01 (01, 02, 03) -нормалар. Ресурс (тар) алып тасталсын: 261-107-0442

Ресурсқа (тарға) толықтырылсын:

Шығындар коды	Шығындар элементтерінің аталуы	Өлшем бірлігі	Шығындар	Нормалар коды
1	2	3	4	5
218-103-0206	Қап мата МЕМСТ 30090-93	10 м²	0,045	1310-0301-01 (01, 02, 03)

1310-0303-01 -кесте.

1310-0303-01 (01, 02, 03, 04, 08, 09, 10, 11) -нормалар. Ресурс (тар) алып тасталсын: 261-107-0442

Ресурсқа (тарға) толықтырылсын:

Шығындар коды	Шығындар элементтерінің аталуы	Өлшем бірлігі	Шығындар	Нормалар коды
1	2	3	4	5
218-103-0206	Қап мата МЕМСТ 30090-93	10 м²	0,0135	1310-0303-01 (01)
218-103-0206	Қап мата МЕМСТ 30090-93	10 м²	0,045	1310-0303-01 (02, 03, 04, 08, 09, 10, 11)

1310-0303-02 -кесте.

1310-0303-02 (01, 02, 03, 04, 05) -нормалар. Ресурс (тар) алып тасталсын: 261-107-0442

Ресурсқа (тарға) толықтырылсын:

Шығындар коды	Шығындар элементтерінің аталуы	Өлшем бірлігі	Шығындар	Нормалар коды
1	2	3	4	5
218-103-0206	Қап мата МЕМСТ 30090-93	10 м²	0,04	1310-0303-02 (01, 02, 03)
218-103-0206	Қап мата МЕМСТ 30090-93	10 м²	0,045	1310-0303-02 (04, 05)

1310-0904-13 -кесте.

1310-0904-1301 -норма. Өзгерту енгізілсін:

Жұмыс құрамы өзгертілсін: 1. Төселген құбыр трассасын тексеру. 2. Үрлеуге арналған құрылғыларды қосу. 3. Талшықты-оптикалық кабельді пневмо-төсеу қондырғысы мен компрессорды қолдана отырып әуе ағынымен құбыр ішіне кабель төсеу.

1310-0904-13 (01) -нормалар. Ресурс (тар) алып тасталсын: 342-207-0112

Ресурс (тар) өзгертілсін:

Шығындар коды	Шығындар элементтерінің аталуы	Өлшем бірлігі	Шығындар	Нормалар коды
1	2	3	4	5
007-0150	Жұмысшылардың еңбек шығындары (жұмыстың орташа разряды 5)	адам-сағ	66,96	1310-0904-13 (01)
099-0100	Машинистердің еңбек шығындары	адам-сағ	23,48	1310-0904-13 (01)
315-102-0701	Жылжымалы компрессорлар, қысымы 8,5 атм, өнімділігі 10 м3/мин	маш.-с	7,83	1310-0904-13 (01)
324-203-0101	Автомобиль базасында кабельді төсеуге және монтаждау кезінде жұмыстарды орындауға арналған кешенді монтаждау машинасы	маш.-с	3,91	1310-0904-13 (01)
324-203-0801	Талшықты-оптикалық кабельді пневматикалық төсеуге арналған қондырғылар (кабельді үрлеу)	маш.-с	7,83	1310-0904-13 (01)
324-203-1001	Кабель арбалары	маш.-с	3,91	1310-0904-13 (01)
331-101-0101	Борттық автомобильдер жүк көтерімділігі 5 т дейін	маш.-с	7,83	1310-0904-13 (01)
331-101-0103	Борттық автомобильдер жүк көтерімділігі 10 т дейін	маш.-с	3,91	1310-0904-13 (01)

ЭСН РК 8.05-01-2022

ЖӨНДЕУ-ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАР**6 -бөлім. Жөндеу-құрылыс жұмыстары. Ойықтар****1206-0102-09 -кесте.**

1206-0102-09 -кестесінің атауы жаңа редакцияда жазылсын: «1206-0102-09 ПВХ профильдерінен жасалған терезе және есік блоктары. Ауыстыру».

1206-0102-0901 -норма. Өзгерту енгізілсін:

-норма аталуы өзгертілсін: «ПВХ-дан терезе блогы. Ауыстыру»

Жұмыс құрамы өзгертілсін: 1. Штапиктерді, шыны пакетті және терезе жапқышын алу. 2. Монтаждық көбікті, бекіткіш анкерлерді кесу және еңіс жерлердегі сылақты ұру. 3. Қуысты тазалау және таспаларды желімдеу. 4. Блокты көлденең және тік жазықтықтар деңгейі бойынша орнату. 5. Штапиктермен бірге шыны пакетті орнатып, бекіту. 6. Монтаждық жіктерді жасау.

1206-0102-0902 -норма. Өзгерту енгізілсін:

-норма аталуы өзгертілсін: «ПВХ-дан есік блогы. Ауыстыру»

Жұмыс құрамы өзгертілсін: 1. Штапиктерді, шыны пакетті және есік жапқышын алу. 2. Монтаждық көбікті, бекіткіш анкерлерді кесу және еңіс жерлердегі сылақты ұру. 3. Қуысты тазалау және таспаларды желімдеу. 4. Блокты көлденең және тік жазықтықтар деңгейі бойынша орнату. 5. Штапиктермен бірге шыны пакетті орнатып, бекіту. 6. Монтаждық жіктерді жасау.

1206-0102-09 (01) -нормалар. Ресурс (тар) алып тасталсын: 002-0138; 223-501-0100; 223-503-0502; 343-202-0101

1206-0102-09 (01, 02) -нормалар. Ресурс (тар) алып тасталсын: 261-105-0654

1206-0102-09 (02) -нормалар. Ресурс (тар) алып тасталсын: 002-0139

Ресурс (тар) өзгертілсін:

Шығындар коды	Шығындар элементтерінің аталуы	Өлшем бірлігі	Шығындар	Нормалар коды
1	2	3	4	5
343-202-0201	Бұрыштық тегістеу машиналары	маш.-с	0,0719	1206-0102-09 (01)
343-302-0101	Перфоратор электрлік	маш.-с	0,1079	1206-0102-09 (01)

кестенің соңы

1	2	3	4	5
343-302-0301	Құрылыс-монтаждау бұрама шегелерді бұрағыштар	маш.-с	0,0479	1206-0102-09 (01)
343-202-0201	Бұрыштық тегістеу машиналары	маш.-с	0,1035	1206-0102-09 (02)
343-302-0101	Перфоратор электрлік	маш.-с	0,1868	1206-0102-09 (02)
343-302-0301	Құрылыс-монтаждау бұрама шегелерді бұрағыштар	маш.-с	0,0932	1206-0102-09 (02)

Ресурсқа (тарға) толықтырылсын:

Шығындар коды	Шығындар элементтерінің аталуы	Өлшем бірлігі	Шығындар	Нормалар коды
1	2	3	4	5
002-0126	Жұмысшылардың еңбек шығындары (жұмыстың орташа разряды 2,6)	адам-сағ	1,312	1206-0102-09 (01)
099-0100	Машинистердің еңбек шығындары	адам-сағ	0,0203	1206-0102-09 (01)
223-503-0504	Бутил таспасы	м	2,567	1206-0102-09 (01)
235-202-0118	Бітеме бір құрауышты полиуретанды 750 мл (монтаждау көбігі)	дана	0,151	1206-0102-09 (01)
314-504-0501	Мачталық көтергіштер көтеру биіктігі 50 м	маш.-с	0,0023	1206-0102-09 (01)
331-101-0101	Борттық автомобильдер жүк көтерімділігі 5 т дейін	маш.-с	0,018	1206-0102-09 (01)
002-0127	Жұмысшылардың еңбек шығындары (жұмыстың орташа разряды 2,7)	адам-сағ	1,6087	1206-0102-09 (02)
099-0100	Машинистердің еңбек шығындары	адам-сағ	0,0339	1206-0102-09 (02)
235-202-0118	Бітеме бір құрауышты полиуретанды 750 мл (монтаждау көбігі)	дана	0,278	1206-0102-09 (02)
314-504-0501	Мачталық көтергіштер көтеру биіктігі 50 м	маш.-с	0,0028	1206-0102-09 (02)
331-101-0101	Борттық автомобильдер жүк көтерімділігі 5 т дейін	маш.-с	0,0311	1206-0102-09 (02)

7 -бөлім. Жөндеу-құрылыс жұмыстары. Едендер

1207-0101-10 -кесте.

1207-0101-10 (12) -нормалар. Ресурс (тар) алып тасталсын: 261-105-0118

Ресурсқа (тарға) толықтырылсын:

Шығындар коды	Шығындар элементтерінің аталуы	Өлшем бірлігі	Шығындар	Нормалар коды
1	2	3	4	5
216-201-0601	Жабындық мұнай битумдары, маркасы БНК МЕМСТ 9548-74 90/30	т	0,0001	1207-0101-10 (12)

20 -бөлім. Жөндеу-құрылыс жұмыстары. Автомобиль жолдары

1220-0602-01 -кесте.

1220-0602-01 (01) -нормалар. Ресурс (тар) алып тасталсын: 254-106-0101

Ресурсқа (тарға) толықтырылсын:

Шығындар коды	Шығындар элементтерінің аталуы	Өлшем бірлігі	Шығындар	Нормалар коды
1	2	3	4	5
261-501-0123	Көпжылдық шөптердің тұқымдары	кг	0,012	1220-0602-01 (01)

ҚР СБЖ 8.04-09-2025

ҚҰРЫЛЫС ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ИНЖЕНЕРЛІК ЖАБДЫҒЫНА АРНАЛҒАН СМЕТАЛЫҚ БАҒАЛАР

Құрылыс объектілерінің инженерлік жабдығына арналан сметалық бағаларын қолдану жөніндегі жалпы ережелер

1 1.8 тармақ жалпы бөлімде алынып тасталсын.

Қосымша А. Технологиялық үдерістердің нормативтік бақылау нәтижелері (міндетті түрде)

А.1 Тротуарлық плиткалардан жабындарды механикаландырылған тәсілмен төсеу

1. Негізгі қолданылатын материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары

Осы технологиялық үдерістердің нормативтік бақылау нәтижелерінде (ТҮНБН) орта және үлкен алаңдар үшін дайын негізге тротуарлық плиткалардан жабындарды механикаландырылған тәсілмен төсеу қарастырылады.

Осы ТҮНБН-да тротуарлық плиткаларды төсеу кезінде қол еңбегімен жасалатын қосымша жұмыстар ескерілмеген.

1.1 Бетон тротуарлық плиталар

Жолдар мен алаңдардың құрама жабындарын төсеу үшін ауыр және майда түйіршікті бетоннан вибропресс немесе виброқұю әдісімен дайындалған бетон тротуарлық плиталар қолданылады.

Бетон тротуарлық плиталардың үлгісі 1-суретте көрсетілген.



1 сурет - Бетон тротуарлық плиталар

Бетон тротуарлық плиталарды тасымалдау және сақтау МЕМСТ 13015-2012 талаптарына, жүк тиеу-түсіру жұмыстары мен жүктерді орналастыру кезіндегі еңбекті қорғау ережелеріне сәйкес жүргізілуі тиіс.

Плиталарды штабельдерде, МЕМСТ 20259-80 бойынша контейнерлерде немесе МЕМСТ 18343-80 бойынша поддондарда (транспорттық пакеттерде) кез келген көлік түрімен, белгіленген тәртіпте бекітілген Жүктерді тасымалдау ережелерінің талаптарына сәйкес тасымалдайды, бұл ретте:

- плиталарды штабельдерде тасымалдау кезінде бұйымдар әр плитаның ұшынан 0,25 бөлігі қашықтықта бір-бірінің үстіне қатаң тік орналасқан төсемдерге қойылады. Төсемдердің биіктігі тасымалдау кезінде бұйымдардың сақталуын, плиталарды кранмен ұстау мүмкіндігін, сондай-ақ түсіру кезінде еркін көтеруді қамтамасыз етуі тиіс;

- плиталарды поддондарда (транспорттық пакеттерде) тасымалдау кезінде бұйымдар сенімді бекітілуі тиіс, поддон аумағының шегінде орналасуы қажет, поддон аяқтарының биіктігі кранмен немесе автотиегішпен ұстауды қамтамасыз етуі тиіс, поддонның конструкциясы қаптамалық бірліктің жалпы қаттылығын және тасымалдау кезінде бұйымдардың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

Штабельдердің биіктігі және поддондағы қаптама бірліктерінің биіктігі тасымалдау кезінде 1,5 м-ден аспауы тиіс.

Плиталарды тиеу және түсіру бұйымдар мен қаптамалардың зақымдануын болдырмайтын тәсілдермен жүзеге асырылуы тиіс. Плиталарды үйінді түрінде тиеуге және түсіруді лақтыру арқылы жүргізуге болмайды.

50 кг-нан асатын плиталарды тиеу және түсіру арнайы қармауыштар арқылы жүзеге асырылуы тиіс, ал олар болмаған жағдайда плиталарда цангалы қармауға арналған тесіктер немесе монтаждық ілмектер қарастырылуы қажет.

Плиталарды дайын өнім қоймасында маркасы мен түрі бойынша сұрыптап сақтайды, бұл ретте оларды штабельге немесе поддондарға сақтау кезінде бұйымдардың сақталуын қамтамасыз ететін тәсілдер қолданылуы тиіс.

Штабельдерде сақталатын плиталарды қатарлап «қырынан» қойып, МЕМСТ 3560-73 бойынша болат лентамен немесе МЕМСТ 3282-74 бойынша болат сыммен байлап, не болмаса беткі жағы жоғары қараған күйде әр плитаның ұшынан 0,25 бөлігі қашықтықта бір-бірінің үстіне қатаң тік орналасқан көлденең төсемдерге орнатады. Төсемдердің биіктігі плиталардың қоймада сақталуын, кранмен ұстау мүмкіндігін және тиеу кезінде еркін көтеруді қамтамасыз етуі тиіс. Штабель биіктігі 2,5 м-ден аспауы қажет.

Поддондардағы (транспорттық пакеттердегі) плиталар мықтап бекітілуі тиіс – болат, полипропилен (полиэстер, полиэфир) лентамен немесе термоусадкалық, созылғыш үлдірмен, сондай-ақ бұйымдардың сақталуын қамтамасыз ететін басқа материалдармен қапталуы тиіс. Бір қаптамалық бірлікте (поддонда) тек бір маркадағы бұйымдар болуы қажет, егер жеткізу құжаттарында өзгеше көзделмесе. Поддонның конструкциясы бұйымдардың сақталуын, тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Беткі жағын сақтау үшін төсемдік материалдарды қолдануға рұқсат етіледі.

Транспорттық пакеттерді тұтас штабельдерде сақтауға болады, пакеттерді бірінің үстіне бірін қоюға рұқсат етіледі, бірақ олардың биіктігі 6 м-ден аспауы тиіс және қауіпсіздік техникасының талаптары сақталуы қажет.

Тұтынушымен келісу бойынша бұйымдардың сақталуын қамтамасыз ететін басқа да қаптама түрлерін қолдануға рұқсат етіледі.

Міндетті сертификаттауға жататын материалдар ҚР сәйкестік сертификатына ие болуы тиіс. Қазақстан Республикасының аумағында қолдану тәжірибесі және қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттары жоқ импорттық құрылыс материалдары мен бұйымдары ҚР сәйкестік сертификатына ие болуы қажет.

Бетон тротуарлық плиталарды қаптау, сақтау және тасымалдау үлгілері 2-суретте көрсетілген.



2 сурет – Бетон тротуарлық плиталарын қаптау, сақтау және тасымалдау үлгілері

1.2 Тротуар плиткаларын төсеуге арналған өзі жүретін машина

«Optimas PaveJet S24» типіндегі өзі жүретін машина – тротуар плиткаларын төсеуге арналған техника. Қосарланған сыналы рөлдік басқару жүйесі жаңа төселген плитаның үстімен жүруге мүмкіндік береді, ал гидравликалық қармағыш манипулятормен біріге отырып кез келген жағдайда маневрлікті қамтамасыз етеді.

Техникалық сипаттамалары:

Биіктігі – 1999 мм;

Ұзындығы – 4000 мм;

Ені – 1430 мм;

Жүк көтергіштігі – 700 кг.

Тротуар плиткаларын төсеуге арналған өзі жүретін машинаның жалпы көрінісі **3-суретте** көрсетілген.



3 сурет – Тротуар плиткаларын төсеуге арналған өзі жүретін машинаның жалпы көрінісі

1.3 Тегістегіш шөтке

Гидравликалық тегістегіш шөтке тиегішке арналған және орташа әрі үлкен көлемдерге есептелген. Шөткені тиегіштің айырларына оңай орнатуға болады, жетегі тиегіштің гидравликасы арқылы іске қосылады. Су ағынын мөлшерлеу кабина ішіндегі пульт арқылы жүзеге асырылады.

Тегістегіш шөткенің көрінісі 4-суретте көрсетілген.



4 сурет – Тегістегіш шөтке

1.4 Фронтальды тиегіш

Фронтальды тиегіш – өзі жүретін арнайы техника, шөмішті тиегіштің бір түрі. Ол әртүрлі материалдарды қармап алу, тиеу және тасымалдау, сондай-ақ карьерлік және жер қазу жұмыстарын орындау үшін қолданылады. Фронтальды тиегіш жүктерді тасымалдауға, әртүрлі жабдықтарды қысқа қашықтықтарға сүйреуге пайдаланылады. Тиегіштің негізгі жұмыс жабдығы – көтеру жебесінің ұшына бекітілген шөміш. Көптеген тиегіш түрлеріне ауыспалы жабдықтар қарастырылған: кран ілгектері, ұзартқыш жебелер, айырлар, әртүрлі

көлемдегі шөміштер, жеке жүктерге арналған айырлар, бөренелерге арналған қармағыштар, қар тазалағыштар, екіжақтаулы шөміштер және т.б. Жұмыс органы жебеге қатысты гидроцилиндрлер, тартқыштар және тербелме тетіктер көмегімен бұрылады.

XCMG LW 300FN маркалы фронтальды тиегіштің жалпы көрінісі **5-суретте** көрсетілген.

XCMG LW 200K маркалы фронтальды тиегіштің негізгі техникалық сипаттамалары **А.1.1-кестеде** келтірілген.



5 сурет – XCMG LW 200K маркалы фронтальды тиегіштің жалпы көрінісі

А.1.1 кесте – XCMG LW 200K маркалы фронтальды тиегіштің негізгі техникалық сипаттамалары

№	Техникалық сипаттамасы	Мәні
1	2	3
1	Жүк көтергіштігі, кг	2000

А.1.1-кестенің соңы

1	2	3
2	Шөміш көлемі, м ³	1
3	Жалпы габариттері, мм	5520×1960×2850
4	Жұмыс салмағы, кг	6000
5	Түсіру биіктігі, мм	2700
6	Түсіру қашықтығы, мм	1000
7	Қозғалтқыш	Yituo LR4A3-G72×1Q-U2
8	Қуаты, кВт / айн./мин	60/2400
9	Шөмішті басқару	Тұтқалы

1.5 Шағын тиегіш

Шағын-тиегіш – арнайы техниканың орташа класына жатады. Ол құрылыс және коммуналдық жұмыстарда қолданылады. Үлкен габаритті техниканы қолдану мүмкін емес немесе қиын жағдайларда, тар кеңістіктерде шағын-тиегішті қолдану орынды.

Осы РННТП-де **Bobcat S130** маркалы шағын-тиегіш қолданылады.

Bobcat S130 маркалы шағын-тиегіштің жалпы көрінісі **6-суретте** көрсетілген.

Bobcat S130 маркалы шағын-тиегіштің негізгі техникалық сипаттамалары 1.2- кестеде келтірілген.



6-сурет – Bobcat S130 маркалы шағын тиегіштің жалпы көрінісі

А.1.2-кесте – Bobcat S130 маркалы шағын тиегіштің негізгі техникалық сипаттамалары

№	Техникалық сипаттамасы	Мәні
1	2	3
1	Жүк көтергіштігі, кг	590
2	Шөміш көлемі, м³	0,27
3	Жалпы габариттер, мм	3150x1490x1960
4	Жұмыс салмағы, кг	2500
5	Түсіру биіктігі, мм	2100
6	Түсіру қашықтығы, мм	575
7	Қозғалтқыш	Kubota V2203-M-DI

А.1.2-кестенің соңы

1	2	3
8	Қуаты, кВт / л.с. / айн./мин	34,3 / 46,6 / 3000
9	Ең аз бұрылу радиусы, мм	1800
10	Шөмішті басқару	Джойстикті
11	Жүру жылдамдығы, км/ч	11,7

2 Жұмыс өндірісін ұйымдастыру және технологиясы

2.1 Жұмыс өндірісін ұйымдастыру

2.1.1 Тротуар плиткаларынан жабындарды механикаландырылған тәсілмен жасауға арналған жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу ҚР ҚН 1.03-05-2011, ҚР ҚН 1.03-00-2022 және жобалық құжаттама талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

2.1.2 Жұмысты бастар алдында мынадай жұмыстар орындалуы қажет:

- жұмыс өндіруші жауапты адамды тағайындау;
- тротуарлар мен алаңшаларды салуға арналған құрылыс-монтаж жұмыстарына рұқсат-нұсқама алу;
- жұмысшыларға еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, электр және өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша нұсқама жүргізіп, оны нұсқама журналында қол қойғызып тіркеу;
- жұмысшыларды жобалық құжаттамамен, ҚҰЖ, ЖӨЖ және технологиялық регламенттермен таныстыру;
- жұмысшылар мен қызметкерлерді қажетті құрал-саймандармен, жабдықтармен, арнайы киіммен, аяқ киіммен, қорғаныс каскаларымен және басқа да жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету;
- белгіленген учаскені орындалған жұмыстар актісі бойынша қабылдап алу;
- қажетті құралдар мен жабдықтарды дайындау;
- жұмысшыларды техникалық құжаттамамен таныстыру;
- еңбек және демалыс жағдайлары қолданыстағы нормаларға және орындалатын жұмыстың сипатына сәйкес болуын қамтамасыз ету;
- кіріс бақылауын жүргізу арқылы материалдардың сапасын тексеру;
- еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ететін іс-шараларды орындау, жұмысшыларға қосымша нұсқама жүргізу;
- жұмыс орындарын жарықтандыруды МЕМСТ 12.1.046 талаптарына сәйкес ұйымдастыру;
- жұмыс орнын алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықтау.

Жұмыс өндірісін ұйымдастыру кезінде жұмыс орны өндірістік процесс талаптарына және орындалатын жұмыстар жағдайына сәйкес санитарлық-гигиеналық нормалар мен қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып дайындалуы тиіс. Жабдықтар мен инвентарьды жұмыс орнында орналастыру кезінде артық уақыт жоғалтып іздеуге немесе жүруге мәжбүр етпейтіндей етіп жоспарлануы қажет.

Жұмыс орнындағы құрал-саймандар мен жабдықтардың саны ең аз, бірақ ауысым бойы үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуы тиіс. Құралдар мен жабдықтар жұмыс орнында қолдануға ыңғайлы, белгілі бір тәртіпте орналасуы тиіс. Материалдарды алаңға түсіру механикаландырылған тәсілмен жүзеге асырылады.

2.1.3 Тротуар плиткасынан жабындарды механикаландырылған тәсілмен жасауға қатысатын бригада құрамы

- көпірші (мостовщик) 5-разряд (М1) – 1 адам;
- тротуар плиткаларын төсеуге арналған өзі жүретін машинаның машинисі 5-разряд (МС) – 1 адам;
- фронтальды тиегіш машинисі 5-разряд (М1) – 1 адам;
- шағын тиегіш машинисі 4-разряд (М2) – 1 адам.

Жұмыс кешеніне қосымша:

- матаушы 2-разряд (С1, С2) – 2 адам қатысады.

3-разрядтағы жұмысшылар кемінде 2-разрядтағы такелажшы мамандығына ие болуы тиіс.

2.1.4 Жүк тиеу-түсіру жұмыстарын орындау кезінде материалдардың сақталуы қамтамасыз етілуі тиіс. Сақтау барысында материалдарды қарап шығу үшін қолжетімділік болуы және оларды механикалық зақымданудан қорғайтын жағдайлар жасалуы қажет.

2.2 Жұмыс өндірісінің технологиясы

2.2.1 Тротуар плиткасынан жабындарды механикаландырылған тәсілмен жасау жұмыстары мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалуы тиіс:

- а) дайындық жұмыстары;
- б) негізгі жұмыстар;
- г) қорытынды жұмыстар.

2.2.2 Дайындық жұмыстары

Жұмысшылар техникалық персоналдан нұсқаулар алады, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамадан өтеді, жобалық құжаттамамен танысады, қажетті құралдар, жабдықтар, материалдар алады, жабдықтардың толықтығы мен жарамдылығын тексереді.


2.2.3 Негізгі жұмыстар

2.2.3.1 Бетон тротуар плиталарын дайындалған негізге төсеу

Негізді дайындау жұмыстары аяқталғаннан кейін бетон тротуар плиталары монтаждық құм қабатының үстіне төселеді. Тротуар плиталары тегістелген құм қабатының үстіне жұмыс жобасына сәйкес төселеді.



а)



б)



в)



г)

7 сурет – Бетон тротуар плиталарын механикаландырылган төсеу

а - Плитканы өзі жүретін төсеу машинасымен қармау; б – Плитканы ажырату; в – Жобаға сәйкес орнына төсеу;
г – Дайын жабын

2.2.2.2 Плитка аралық жіктерді құммен толтыру

Плиталарды төсеуден кейін олардың арасындағы жіктер құммен толтырылуы тиіс. Плитка аралық жіктерді толтыру үшін құрамында цемент бар құрғақ қоспаларды қолдануға жол берілмейді. Шағын тиегіш төселген плитка бетіне құмды шашып шығады.

Толтыру жұмыстары фронтальды тиегішке орнатылған қосымша жабдық – тегістегіш шөтке көмегімен орындалады.



8 сурет - Таратылған құм қоспасы



9 сурет – Плитка жіктерін құммен толтыру

2.2.3 Көмекші жұмыстар

Материалдарды жұмыс алаңына түсіру механикаландырылған тәсілмен жүзеге асырылады.

2.2.4 Қорытынды жұмыстар

Ауысым соңында жұмысшылар жұмыс орнын құрылыс қалдықтарынан тазартады, механизмдер мен жабдықтарды жуып-тазалайды және оларды қоймаға тапсырады.

3 Технологиялық операциялардың тізімі және жұмыс көлемдері

3.1 Технологиялық операциялардың тізімі мен жұмыс көлемдері А.1.3-кестеде келтірілген.

А.1.3-кесте – Тротуар плиткасынан жабындарды механикаландырылған тәсілмен жасауға арналған технологиялық операциялардың тізімі және жұмыс көлемдері

Процесс өлшемі: 9,72
Өлшем бірлігінің атауы : м2

Код	Операциялар тізімі	Өлшем бірлігі	Жұмыс көлемі
1	2	3	4
1	Тротуар плиткаларын дайындалған негізге төсеу	м2	9,72
255-102-0200	Бетон тротуар плитасы МЕМСТ 17608-2017	м2	
321-212-1301	Гидравликалық қармағышы бар өзі жүретін тротуар плиткасын төсеу машинасы	маш.-сағ	
2	Құмды жеткізу және шашу	м3	0,04
211-401-0101		м3	
314-503-0401	Негізгі тиеу шөміші бар шағын дөңгелекті тиегіш, жүк көтергіштігі 1 т дейін	маш.-сағ	
3	Плитка жіктерін құммен толтыру	м2	9,72
217-603-0104	Техникалық су	м3	
314-503-0102	Біршөмішті әмбебап фронтальды пневмодөңгелекті тиегіш, жүк көтергіштігі 3 т	маш.-сағ	
321-212-1303	Су бағы (1000 л) бар гидравликалық аспалы шөтке, тротуар плитканың жіктерін толтыруға арналған	маш.-сағ	
4	Жүк түсіру	т	2
5	Плитка поддондарының төсеу орнына дейінгі қозғалысы	т	2
314-503-0102	Біршөмішті әмбебап фронтальды пневмодөңгелекті тиегіш, жүк көтергіштігі 3 т	маш.-сағ	

А.2 Қасбеттің тіреу-ригельдік витраждық жүйелерін орнату


Бұл технологиялық процестерге жүргізілген нормативтік бақылау нәтижелерінде қасбеттің витраждарын тіреу-ригельдік жүйе бойынша монтаждау қарастырылады. Шыны пакеттер қысқыш планкалар арқылы орнатылады.

Сипаттамалық бөлікте келтірілген әйнектің басқа түрлері тек ақпараттық сипатқа ие.

1 Негізгі қолданылатын материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары

Тіреу-ригельдік қасбеттік жүйе – бұл металл қаңқа, ол тік алюминий тіректерден және көлденең ригельдерден тұрады. Бұл көтергіш элементтер жоғары берік, коррозияға төзімді алюминий қорытпасынан экструзия әдісімен жасалады және әйнек пакеттерін, монолитті әйнек панельдерін және басқа да мөлдір емес материалдарды бекітуге негіз болады.

Тіректер тірек конструкциялары ретінде әйнек қаптамасының өз салмағынан, сондай-ақ жел және қар жүктемелерінен түсетін барлық күштерді қабылдайды. Олар қажетті қаттылық пен беріктікті қаптамасыз ету үшін ішкі камералары бар қорапты немесе түтікше қимада дайындалады. Ригельдер тіректер арасындағы көлденең аралық элементтер рөлін атқарады, олардың орналасуын бекітеді және ғимарат қасбеті бойымен жүктемені біркелкі таратады. Тіректер мен ригельдерді байланыстыратын элементтер – **сухарьлар (қосқыш элементтер)** болып табылады.



1.1 Сурет - Тіректің ригельмен қосылуы


1 – тірек, 2 – сухарь (қосқыш элемент), 3 – ригель.

Әйнектеу түріне байланысты профильдерде конструкцияның жылу қорғау қасиеттерін жақсарту үшін жылуоқшаулағыш қосымша салынбалар болуы мүмкін. Шыны пакеттер профильдерде қысқыш планкалар және этилен-пропилен каучуктарынан жасалған резеңке тығыздағыштар жүйесі арқылы бекітіледі. Бұл тығыздағыштар -50°C -тан $+70^{\circ}\text{C}$ -қа дейінгі температурада пайдалануға есептелген

Айта кету керек, қасбеттік жүйе түріне байланысты әйнектің сыртқы беткейін қалыптастырудың әртүрлі әдістері қолданылады:

Классикалық тіреу-ригельдік жүйелерде шыны пакеттер декоративті қаптамалары бар қысқыш планкалар арқылы бекітіледі. Құрылымдық (структурлық) жүйелерде пакеттер арасындағы жіктерге мөлдір силикон герметик құйылып, біртұтас тегіс беткей түзіледі.

Жартылай құрылымдық (полуструктурные) жүйелерде монтажды жеделдету үшін екі тәсілдің элементтері үйлестіріледі.



1.2 сурет – Тіректің ригельмен қосылуы

1 – тірек, 2 – әйнек пакет, 3 – ригель, 4 – қысқыш планка, 5 – декоративті қақпақ.

1.1 Тіреу-ригельдік жүйедегі қасбеттік әйнектеудің орындалу нұсқалары мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) қысқыш планкалар арқылы әйнектеу жүргізілетін тіреу-ригельдік жүйе;
- 2) құрылымдық (структурлық) әйнектеуі бар тіреу-ригельдік жүйе;
- 3) жартылай құрылымдық әйнектеуі бар тіреу-ригельдік жүйе.

Қысқыш планкалар арқылы әйнектеу жүргізілетін тіреу-ригельдік жүйе – көтергіш (тіреу-ригельдік) конструкцияға әйнек пакет орнатылады да, ол сырт жағынан алюминий қысқыш планкалармен (қысқыштармен) бұрандалар арқылы бекітіледі. Бұранда (винт)

қысқыштағы тесіктер арқылы термомост бойымен алюминий профилінің (тірек/ригель) шығыңқы бөлігі ортасындағы пазға бұралады. Қысқыш әйнек пакетті профильге тартып, оны бекітеді.

Одан кейін қысқыш планка декоративті қақпақпен (декоративка/капот) жабылады, ол профильдік құлыптың есебінен қысқышқа бекітіледі (құлыпталып қалады).

Бұл – қасбеттің сыртқы жағында алюминий профилінсіз орындалатын әйнектеу. Мұндай әйнектеу ғимараттың тұтас әсерін береді және сыртқы жағында көрінетін профильдерсіз толық әйнекті ғимараттар жасауға мүмкіндік береді, өйткені әйнек пакеттер тек желім-герметиктің көмегімен бекітіледі.

Құрылымдық әйнектеудің қаңқасы да тіректер мен ригельдерден тұрады. Негізгі айырмашылығы – әйнек пакетінің құрылымында және оларды бекіту тәсілінде, соның салдарынан қасбеттің сыртынан көрінетін бекіту элементтері болмайды (фасад неғұрлым монолитті көрінеді).

Сыртқы әйнектің өлшемдері ішкі әйнектен үлкен болады, осының арқасында көршілес әйнек пакеттер арасындағы сыртқы жіктер барынша минималды болып шығады. Әйнек пакеттің қырының ішкі әйнектің алдында жиі арнайы U-тәрізді профиль түріндегі ойық-пазы болады, оған монтаж кезінде арнайы қысқыш элемент салынады.

Әйнек пакет арнайы қысқыш элементтермен (т.н. «көбелек») бекітіледі, оларды екі көршілес пакет арасындағы саңылауға салып, «қанаттары» пакеттердің қырларындағы U-тәрізді паздарға кіретіндей етіп бұрады. Кейін көбелектер бұранда арқылы профильдің (тірек/ригель) ортасындағы пазға бекітіледі, соның нәтижесінде әйнек пакеттер профильге қысылады әрі өзара байланысады.

Одан кейін көршілес әйнек пакеттер арасындағы жіктерге Вилатерм тәрізді жылуоқшаулағыш материал салынып, жіктер арнайы силиконды герметикпен толтырылады.


Жартылай құрылымдық әйнектеуі бар тіреу-ригельдік жүйе

Бұл – тіреу-ригельдік және құрылымдық әйнектеу жүйелерінің комбинациясы. Мұнда әйнек пакеттері аралас тәсілмен бекітіледі: сырттан тек тік немесе тек көлденең қысқыш планкалар ғана көрінеді. Осылайша ғимараттың бейнесіне көлденеңінен (немесе тігінен) қосымша көлем беріледі. Ал екінші бағыттағы сызықтар бойынша қысқыш планкалардың орнына тығыздағыш орнатылады немесе әртүрлі ауа райы факторларына төзімді силикон герметикпен толтырылады.

1.3-сурет – Тіреу-ригельдік қасбеттік әйнектеу



1.4-сурет – Құрылымдық қасбеттік әйнектеуі бар тіреу-ригельдік жүйе

1.5-сурет – Жартылай құрылымдық әйнектеуі бар тіреу-ригельдік жүйе




1.3-сурет – Қасбеттің тіреу-ригельдік әйнектеуі

1 – декоративті қақпақ, 2 – ысқыш планканың бұрандасы, 3 -қысқыш планка, 4 сыртқы тығыздағыш 5 – әйнек пакет, 6 – жылу оқшаулағыш (термомост), 7 – ішкі тығыздағыш, 8 – тірек, 9 - ригель



1.4 сурет – Құрылымдық қасбеттік әйнектеуі бар тіреу-ригельдік жүйе

1 – әйнек пакеттің сыртқы шынысы, 2 – пакеттің ішкі шынысы, 3 – U-профиль, 4 – екінші реттік силикон герметик, 5 – спейсер, 6 – қысқыш элемент («көбелек»), 7 – винт, 8 – тірек, 9 – әйнекпакет



1.5 сурет – Жартылай құрылымдық әйнектеуі бар тіреу-ригельдік жүйе

1.2 Құрылымдық және жартылай құрылымдық әйнектеуге арналған біркөмпонентті силиконды герметик

Біркөмпонентті жоғары модульді, бейтарап вулканизациялы ASMACO 2880 типіндегі силиконды желім-герметик. Ол жабындысы бар/жоқ әйнекті, анодталған алюминийді немесе полимерлі қаптамасы бар материалдарды, сондай-ақ тот баспайтын болатты және басқа да жазық сызықтық материалдарды құрылымдық желімдеуге арналған.

Бұл герметик жоғары беріктік қасиеттеріне ие және шыны мен металл сияқты көптеген құрылыс материалдарына тамаша адгезия жасайды. Ол қасбеттік жүйелерде әйнек пен металды құрылымдық әйнектеу кезінде желімдеу үшін, сондай-ақ терезе конструкцияларында жоғары тиімді герметик ретінде қолданылады. Қаптамасы – 600 мл (0,0006 м³).

Атмосфераға төзімді силиконды герметик озонға, ультракүлгін сәулелерге, экстремалды температураларға, жоғары ылғалдылық пен температура жағдайындағы зең мен көгеру түзілуіне төзімді болуы тиіс.

ASMACO 2880 типіндегі құрылымдық әйнектеуге арналған біркөмпонентті силиконды герметик 1.6-суретте көрсетілген.


Қасбеттік кронштейн

Тіреу-ригельдік жүйеге арналған типтік кронштейндер рамалар мен тіреуіштердің құрылымына конструктивтік бөлшектерді монтаждау және қосу үшін қолданылатын конструкцияның ажырамас бөлігі болып табылады. Кронштейндер үлкен аудандарды, мысалы, ғимараттардың сыртқы қасбетін толық әйнектеу үшін қажет.

Тіреу-ригельдік жүйеге арналған типтік кронштейн 1.7-суретте көрсетілген



1.6 сурет – ASMACO 2880 типіндегі құрылымдық әйнектеуге арналған біркөмпонентті силиконды герметик



1.7 сурет – Тіреу-ригельдік жүйеге арналған типтік кронштейн

2 Жұмыс өндірісін ұйымдастыру және технологиясы

2.1 Жұмыс өндірісін ұйымдастыру

2.1.1 Қасбеттің витраждарын тіреу-ригельдік жүйе бойынша монтаждау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу ҚР ҚН 1.03-05-2011, ҚР ҚН 1.03-00-2022 және жобалық құжаттама талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.

2.1.2 Жұмыс өндірісін бастар алдында мынадай жұмыстар орындалуы қажет:

- жауапты жұмыс өндірушіні тағайындау
- белгіленген учаскені орындалған жұмыстар актісі бойынша қабылдау
- қажетті құралдар мен жабдықтарды дайындау;
- жұмысшыларды техникалық құжаттамамен таныстыру;
- еңбек пен демалыс жағдайлары қолданыстағы нормаларға және орындалатын жұмыстың сипатына сәйкес болуын қамтамасыз ету;
- кіріс бақылауы арқылы материалдардың сапасын тексеру;
- еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ететін іс-шараларды орындау, жұмысшыларға нұсқама жүргізу;
- жұмыс орындарын МЕМСТ 12.1.046 талаптарына сәйкес жарықтандыруды ұйымдастыру;
- жұмыс орнын алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықтау.

Жұмыс өндірісін ұйымдастыру кезінде жұмыс орны өндірістік процесс талаптарына және орындалатын жұмыстар жағдайына сәйкес санитарлық-гигиеналық нормалар мен қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып дайындалуы тиіс.

Жабдықтар мен инвентарды жұмыс орнында орналастыру кезінде артық уақыт жоғалтып іздеуге немесе жүруге мәжбүр етпейтіндей етіп жоспарлануы қажет.

Жабдықты алаңға түсіру механикаландырылған тәсілмен жүзеге асырылады.

Қасбеттің витраждарын тіреу-ригельдік жүйе бойынша монтаждау жұмыстарының бригада құрамы

- құрылыс конструкцияларын монтаждаушы 4-разряд – 2 адам;
- құрылыс конструкцияларын монтаждаушы 3-разряд – 2 адам;
- құрылыс конструкцияларын монтаждаушы 2-разряд – 2 адам.

Қасбеттің витраждарын тіреу-ригельдік жүйе бойынша монтаждау кешенді жұмыстарына қатысатындар:

- модульдік түрдегі қасбеттік көтергіш (құрылыс люлькасы), электрқозғалтқышы бар өзіндік көтергішімен, жүк көтергіштігі 630 кг, жұмыс платформасының ұзындығы 6 м дейін, көтеру биіктігі 150 м, 4-разрядты монтаждаушы басқарады;
- тарту күші 12,26-дан 19,62 кН-ға дейін (2 т) электрлік лебедка, 4-разрядты монтаждаушы басқарады.

Көмекші жұмыстар кешеніне қатысатындар:

- 16 т жүк көтергіштігі бар кран-манипулятор жүргізушісі, 4-разряд – 1 адам;
- қосалқы жұмысшы 2-разряд – 2 адам.

Қасбеттің витраждарын тіреу-ригельдік жүйе бойынша монтаждау кешенді жұмыстарына қатысатындар:

- модульдік қасбеттік көтергіш (құрылыс люлькасы), электрқозғалтқышы бар өзіндік көтергішімен, жүк көтергіштігі – 630 кг, жұмыс платформасының ұзындығы – 6 м дейін, көтеру биіктігі – 150 м, 4-разрядты монтаждаушы басқарады;
- тарту күші 12,26-дан 19,62 кН-ға дейін (2 т) электрлік лебедка, 4-разрядты монтаждаушы басқарады.

Көмекші жұмыстар кешеніне қатысатындар:

-16 т жүк көтергіштігі бар кран-манипулятор жүргізушісі, 4-разряд – 1 адам;

-қосалқы жұмысшы 2-разряд – 2 адам

2.2 Жұмыс өндірісінің технологиясы

Тіреу-ригельдік жүйе бойынша қасбеттік витраждарды қысқыш планкалар арқылы әйнектеу мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

а) дайындық жұмыстары;

б) негізгі жұмыстар;

-*кронштейндерді орнату;*

-*витраж рамасын тіректер мен ригельдерден жинау;*

-*витраж рамасын орнату;*

-*әйнек пакеттерін орнату;*

-*қысқыш планкаларды орнату;*

-*ойық периметрі бойынша мырышталған болаттан өртке қарсы тосқауыл жасау;*

витраж рамасының ойығын герметизациялау.

в) көмекші жұмыстар;

г) қорытынды жұмыстар.

2.2.1 Дайындық жұмыстары

Техникалық персоналдан нұсқау алғаннан кейін және жұмыс жобасымен, жұмыс өндірісі жобасымен қол қойып танысқаннан соң бригаданың жұмысшылары қажетті құралдар мен материалдарды алады.

2.2.2 Тіреу-ригельдік жүйе бойынша қасбеттік витраждарды монтаждаудың негізгі жұмыстары

2.2.2.1 Кронштейндерді орнату

Кронштейндерді орнату мына жұмыстарды қамтиды: кронштейндер орналасатын нүктелердің көлденең осін белгілеу, кронштейндерге арналған тесіктерді бұрғылау және кронштейндерді бекіту.

Кронштейндер орналасатын нүктелердің көлденең осін белгілеу кезінде шеткі нүктелер нивелирдің көмегімен анықталады. Орнату орындары екі шеткі нүкте бойынша құрылыс деңгейі мен рулетканы пайдалану арқылы белгіленеді.

Кронштейндерге арналған тесіктерді механикаландырылған соққы-айналмалы құралмен немесе бұрғылау коронкаларымен бұрғылайды, шаңды компрессор арқылы сығылған ауамен шығарады. Бұрғы диаметрі бекіту бұйымының диаметріне тең болуы тиіс. Үлкен диаметр бекітпе элементінің айналып кетуіне, ал кіші диаметр негіз материалының жарылуына әкелуі мүмкін.

Бекіту бұйымдарының осінен негіздің шетіне дейінгі ең аз қашықтық 100 мм-ден кем болмауы тиіс. Көрнекі түрде зақымдалған, дайындалмаған негізге немесе бекітпе элементтерінің қажетті көтергіш қабілеті натуралды сынақтармен расталмаған жағдайда кронштейндерді монтаждауға болмайды.

Қабатаралық плиталар бойынша орнатылған кронштейндер **1.8-суретте** көрсетілген.



1.8 сурет – Қабатаралық плиталар бойынша орнатылған кронштейндер

2.2.2.2 Витраж рамасын жинау және ойыққа орнату

Рама құрылыс алаңында тіректер мен ригельдерден құрастырылады. Тіректер биіктік бойынша ендіріме қосқыш элемент арқылы біріктіріледі. Тік бағыттағы кеңеюді өтеу үшін тіректердің түйіскен жерінде саңылау қарастырылады, оның өлшемі алюминий тіректердің температура өзгерген кездегі ұзарып-қыдыру шамасына сәйкес белгіленеді. Ригельдерді орнату тірекке қосылатын ендіріме элемент арқылы жүзеге асырылады. Витраж рамасы құрылыс негізіне орнатылып, кронштейн арқылы бекітіледі. Раманың тік орналасуы деңгей және тіктеуіш көмегімен тексеріледі. Болат тіректер үшін қатты болттық бекіту қолданылады. Алюминий тіректер үшін барлық кронштейндерде (салмақтық жүктемені қабылдайтындардан басқа) қозғалмалы болттық бекіту қарастырылады. Қозғалмалы қосылыс бекітпе бұйымдарын тіректердегі сопақша тесіктерге орнату арқылы қамтамасыз етіледі, бұл сызықтық температуралық деформацияларды өтеуге мүмкіндік береді. Витраж рамасын монтаждау кезінде модульдік түрдегі қасбеттік көтергіш (құрылыс люлькасы) қолданылады: электрқозғалтқышы

бар өзіндік көтергішімен, жүк көтергіштігі – 630 кг, жұмыс платформасының ұзындығы – 6 м дейін, көтеру биіктігі – 150 м. Сонымен қатар тарту күші 12,26-дан 78,48 кН-ға дейін және жүк көтергіштігі 2 т-дан 8 т-ға дейінгі электрлік лебедкалар пайдаланылады.



1.9-сурет – Витраж рамасын жинау




1.10-сурет – Витраж рамасын ойыққа көтеру және кронштейндерге бекіту

2.2.2.3 Жарық өткізгіш толтырмаларды (әйнек пакеттерін) орнату

